

### **13 тақырып. Музей экскурсияларының түрлері**

#### **Жоспар:**

#### **1.**

Қабылданатын материалдың күрделілік деңгейі мен оны білім беру экскурсиясында ұсыну жолдары да көптеген факторларға тәуелді. Мұнда да экскурсияның басқа түрлеріндегі тәрізді көрермендердің жас және әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай шешім қабылдау керек. Яғни, қолданылатын формалар, құралдар мен педагогикалық жұмыстың әдістері экскурсанттардың жоғарғы немесе орта мектеп оқушылары, көркемөнер, гуманитарлық немесе техникалық ЖОО-ның студенттері, жұмысшылар не болмаса қызметкерлер және т.б. болуына қарай түрленеді.

Білім беру экскурсиясының ұзақтығы әр түрлі болады және ол оның мақсатымен, міндеттерімен және көрермендердің жас ерекшелігімен ұштасып жатады. Бірақ қандай жағдай болмасын материалмен кеңінен әрі тереңінен танысу үшін қойылатын талап экскурсияның ұзақтығын қажет етеді. Бұл жерде мақсатты және жүйелі білімді қамтамасыз ететін экскурсиялық цикл формасына жүгінген орынды.

Осыған байланысты, білім беру экскурсиясы экскурсиялық жұмыстың дәстүрлі және көп таралған түрі ретінде қарастырылатын тақырыпты барынша терең зерделеуге, музей экспозициясында оқушылармен жүйелі әрі мақсатты түрде жұмыс істеуге мүмкіндік жасайды.

Дамытушы экскурсия экспозиция жұмысының мазмұны мен әдістемелік ұстанымдарына ерекше назарды талап етеді. Жалпы қабылданған музей тәжірибесінде дамытушы экскурсия таныстыру немесе білім беру экскурсиялары тәрізді кең тармаған. Соған қарамастан оның музейлік–педагогикалық қызметінде қалыптасқан тарихи дәстүрі бар. Ең алғаш өзінің педагогикалық тәжірибесінде бұл экскурсияның түрін А. Лихтварг қолданды. Дамытушы экскурсияларының түріне А.В. Бакушинскийдің 1920-30 жж. оқушылармен және Мәскеу педагогикалық студенттерімен Третьяков галереясында өткізген музейлік-эстетикалық экскурсиялар да жатқызылды.

Дамытушы экскурсияның басты мақсаты музей ескерткіштерін толығымен қабылдай алу қабілетін көтеру. Демек, дамытушы экскурсия міндеттерінің табысты шешілуі білім беру экскурсиясындағы оқу үдерісінің нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Әсіресе, бұл өнер музейлеріндегі экскурсия жұмыстарына қатысты. Өйткені көркемөнер ескерткішін толық қабылдау үшін көрнекі мағлұматтар мен ауызша мәліметтерді қабылдау жеткіліксіз. Көркемөнер мағлұматын қабылдау, бейнелеу өнеріндегі білімді игеру, оның тарихы мен тілін терең зерделеу тұлғаның психологиялық мүмкіншіліктері мен жетістіктерінің дамуынсыз мүмкін емес. Ең бірінші ол байқампаздық, сонымен қатар эмоционалдық ұайым, талдау, өз бақылауын салыстыру және талдап қорыту. Осыған этикалық қабілеттіліктерді – түсті, түрлерді, ырғақты сезуді және т.б. жатқызуға болады.

Осылайша дамыту экскурсиясын өнерді толық әрі нақты зерттеуге дайындық кезеңі деп қарастыруға болады. Сондықтан оның педагогикалық

бағыты бар әсіресе, ең алғашқы кезеңінде. Оның негізгі міндеттері келесідей топталады:

- өнердің туындысының мазмұнына эмоционалдық ықыластылықтың қалыптасуы;
- көрген дүниеден ой-қорытуды қалыптастыру және өзіндік бақылаулар мен әсерін талдау;
- шығармашылық елестетудің дамуы;
- эстетикалық қабілеттілігінің дамуы;
- өз ойын сөзбен, сезіммен, әсермен білдіру қабілетінің дамуы.

Аталған міндеттердің табысты орындалуы таныстыру мен білім беру сипатындағы экскурсиялардың әдістерінен бөлек әдіснама қолданылғанда ғана болмақ. Ең бірінші, бұл өзбетінше ойлау және өз пікірін білдіру қабілетін дамытатын диалог пен әңгіме құру әдістеріне жүгіну. Одан әрі, мұнда дидактикалық ойындар мен жаттығулар маңызды рөл атқарады. Өйткені олар қабылдау кезінде жағымсыз стереотиптердің қалыптасуына жол бермей, көркемөнерді сезінуді дамытады, елестету жұмысына серпіліс береді және лезде ойлап табу шығармашылығын қалыптастырады. Олардың артықшылықтары, олар өнер туындыларын ауызша және көрнекілік арқылы түсіндірілуіне мүмкіндік туғызады. Мәселен, оларға «тірі бейнелер», «тірілген мүсін» тәрізді дидактикалық ойындар жатады. Жалпы, дамыту экскурсиясының әдістемесін жиі жаңа формалармен байытып тұруға болады, олай дейтініміз өзінің ерекшелігіне қарай ол музей педагогы мен экскурсоводқа өздерінің педагогикалық шығармашылықтарына тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Дамытушы экскурсияның тақырыптары әртүрлі болып, олардың ортақ педагогикалық мақсат-міндеттеріне сай болулары керек. Мәселен, «Суретті қалай қарау керек», «Шығармашылық мүсінді қалай түсінесің», «Табиғаттағы және суреттегі түс», «Табиғаттағы және көркем сурет бейнесіндегі ырғақ пен бағыт» және т.б.

*Тәрбиелік экскурсия.* Оның мақсаты тұлғаның танымдық белсенділігі мен құндылық бағыттарын қалыптастыру. Шындығына келгенде тәрбиелік сипаттағы міндеттер кез-келген экскурсияларда кездеседі, бірақ жоғарыдағы үшеуінде ол білім беру немесе дамыту міндеттерімен ұласып кетеді. Білім беру, тәрбие және дамыту қызметтері кез-келген педагогикалық үдерісте кездеседі, алайда олардың нақты формаларында өзара әртүрлі байланыстар болуы ықтимал.

Кез-келген экскурсияға экскурсияларға тән тәрбиелік міндеттер:

- танымдық белсенділіктің қалыптасуы;
- қатынас дағдыларының қалыптасуы;
- назар аударуды тәрбиелеу;
- музей мәдениетіне тәрбиелеу (музейде өзін-өзі ұстауы, музей ескерткіштеріне ұқыпты қарауы, музей қызметкерлерінің еңбектеріне құрмет көрсету).

Тәрбиелік сипаттағы міндеттерді нәтижелі шешу үшін оқытудың дамытушылық бағытта болуы аса маңызды екендігін атап өткен абзал. Когнитивті қабілеттің, қиялдың, ойлаудың, эмоционалдық ықыластылықтың

жоғары деңгейде дамуы тәрбие жұмысындағы күш-жігердің нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Тәрбиелік міндеттердің дамытушылықпен тығыз байланысы тұлғаның қажетті қабілеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Мұндай экскурсияларда тәрбиелік қызмет білім беру қызметінен бас тартпайды және басым болмайды.

Тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру тәрбие экскурсиясының басты мақсаты ретінде олардың тақырыптық ерекшелігін айқындайды. Өйткені олардың әдістемесі көркемдік материалды мақсат ретінде емес, құрал ретінде беруді көздейді. Тәрбиелік экскурсиялардың тақырыптарын жобалау барысында экскурсанттардың жас ерекшеліктері басшылыққа алынуы керек. Мәселен, мектептің жоғарғы сынып оқушылары мен студенттерге арналған экскурсияларда теориялық-мәселелік сипаттағы сұрақтар қозғалуы мүмкін. Ал, кіші жастағы балаларға суретшінің, музей қызметкерінің, коллекционердің еңбектерінің ерекшеліктеріне байланысты тақырыптар ұсынуға болады. Орта жастағы балаларға көркем өнер тұлғаларының шығармашылығына, тағдырына байланысты экскурсиялық әңгімелер өткізіледі.

Тәрбиелік экскурсияларға төмендегідей тақырыптар ұсынылуы мүмкін:

- «біз музейге келдік» (көркем музеймен алғашқы танысу);
- «музейде өнер қалай өмір сүреді» (жасы кіші балаларға арналған);
- «адамдар бұрын қалай тіршілік еткен» (жасы кіші балаларға арналған);
- «шебердің мейірбан қолы» (халық өнерінің бөлмесі, жасы кіші балаларға арналған);
- «заттар не туралы әңгімелейді» (қолданбалы өнер туралы, жасы кіші балаларға арналған).

Бұлардан бөлек әрбір педагог тәрбиелік экскурсияның тақырыптар шеңберін топтың жеке ерекшеліктеріне байланысты, мектеп бағдарламасының сұранысына қарай, музей экспозициясының мүмкіндігі мен оқушылардың көркемдік деңгейіне қарай кеңейте алады.

Осылайша, экскурсиялық қызмет көрерменмен жұмыс істеудің дәстүрлі түрі ретінде қазіргі күнгі музейлерде өзекті болып табылады және ол өте бай педагогикалық мүмкіндіктерге ие бола отырып, одан ары қарай дамудағы перспективасы жоғары.